

ӨОЖ 542.941.7:547.36:547.3

*A. K. МОЛДАБЕКОВ, B. С. СЕЛЕНОВА,  
С. Г. МУХАМЕДЖАНОВА, А. К. ЖАРМАҒАМБЕТОВА*

## КАТАЛИЗАТОРЛАР ДАЯРЛАУ ӘДІСІНІҢ ОЛАРДЫҢ КАТАЛИТИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Полимерлермен модифицирленген, әртүрлі әдістермен дайындалған, мырышtotығына ( $ZnO$ ) отыргызылған хром (III) ферроцианидінің катализаторлық қасиеттері зерттелген. Осы катализаторлар қатысында циклогексаның (пг) циклогексанонға (цон) және циклогексанолға (цол) дейін сутектің асқын totығымен totығу үрдісінің оңтайлы параметрлері анықталған. Тасымалдағыш бетіндегі катализатор мөлшерінің үрдістің талғампаздығы мен өнімдер шығымына әсері көрсетілген.

Көмірсутектерді, әсіресе қанықкан алкандар мен циклоалкандарды оттекті қосылыстарға дейін totықтыру практикалық та, теориялық та маңызы бар үрдістер болып саналады. Қазірге кезде іске асырылып жүрген қанықкан көмірсутектерді әртүрлі оттекті қосылыстарға дейін totықтырудың катализаторлық белгілі үрдістері сұйық немесе газ фазаларында жоғарғы қысым мен температура жағдайларында айтартықтай дәрежеде емес талғампаздықпен жүреді [1-3]. Соңдықтан талғампаздылығы жоғары, технологиялық қолайлы қарапайым да, белсенді катализаторлар жасап зерттеу мәселелері өзектелігін жоймай отыр. Ұсынылып отырган жұмыста мырыш totығына бекітілген хром (III) ферроцианидінің полимерлері комплекстерінің катализаторлық қасиеттері зерттелген. Моделді реакция ретінде өндірістік маңызы зор циклогександы жартылай totықтыру үрдісі қаралған.

### ТӘЖИРИБЕ БӨЛІМІ

Катализатор компоненттері ретінде  $CrCl_3 \cdot 6H_2O$  және  $K_4[Fe(CN)_6] \cdot 3H_2O$  тұздары, сонымен қатар суда еритін құрамында оттегі және азот атомдары бар поливинилпирролидон (ПВПД), полиэтиленгликоль (ПЭГ), полидиметилдиаллиламмоний хлорид (ПДМДААХ), полигексаметиленгуанидин (ПГМГ) полимерлері қолданылды, ал тасымалдағыш ретінде мырыш totығы ( $ZnO$ ) алынды.

Катализаторлар екі түрлі әдістермен даярланды. Катализаторларды даярлаудың бірінші жолында алдыңғы жұмыстардан белгілі әдіс қолданылды [4]: бөлме температурасында (298K) тасымалдағыштың судағы суспензиясына оның 10% құрайтын полимердің сулы ерітіндісі қосылды. Қоспа 2 сағат арапастырылды. Содан кейін қоспаға тасымалдағыш салмағына есептегенде оның 10% құрайтын  $K_4[Fe(CN)_6] \cdot 3H_2O$  және  $CrCl_3 \cdot 6H_2O$  сулы ерітінділері құйылды. Қоспа тағы да 3 сағат арапастырылып,

тұнба ерітіндіде 18 сағатқа қалдырылды. Тұнба бірнеше рет декантация әдісімен жуылып, ауда кептірілді.

Екінші әдіс ерекшелігі тасымалдағышқа бірінші әдістегідей полимер бекітілгеннен кейін, қоспаның сулы ерітіндісі 5 сағат бойы арапастырылды. Одан кейін полимермен модифицирленген тасымалдағыш судан 373K-де буландыру арқылы кептірілді. Болжам бойынша бұл тәсіл полимердің белгілі алынған мөлшері тасымалдағыш бетінде түгелімен бекітілуін қамтамасыз етеді. Осылайша кептірілген қоспаға одан әрі 1-ші әдістегідей тұздардың сулы ерітінділері қосылды. Қоспа тағы да 3 сағат арапастырылып, тұнба бірнеше рет декантация әдісімен жуылып, ауда кептірілді.

Даярланған катализаторлар циклогександы сутектің асқын totығымен totықтыру реакциясында сыналды. Реакция ацетонитрил ерітіндісінде волюметрлік қондырғыда жүргізілді. Реакция өнімдері белсенді фазасы 15% Apiezon-L және 3% Carbowax-20M болып келетін, колонкасы N/W-DMCS хромотонымен толтырылған газ-сұйық хроматографта анықталды.

### ТӘЖИРИБЕ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ТАЛҚЫЛАНЫ

1-ші әдіспен даярланған катализатор қатысында циклогександы сутек асқын totығымен totықтыру үрдістерінің нәтижелері 1-ші кестеде көтірілген. Полимер табиғатына байланыссыз барлық катализаторларда өнімдер ретінде циклогексанон және циклогексанол түзілді. Кетонмен спирттің ара қатынасы барлық катализаторларда шамамен 2:1-ді құрайды. Циклогексаның конверсиясы құрамында азот молекуласы бар полимерлерде жоғары болып келеді. Циклогексан конверсиясының ең

1-кесте. Бірінші әдіс бойынша даярланған  $10\% \text{CrCl}_3 + \text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6] \cdot \text{P}/\text{ZnO}$  (Р-полимер) катализаторлар қатысында циклогексаның  $\text{H}_2\text{O}_2$ -мен тотығуы (субстрат : тотықтырыш қатынасы = 1 : 3; еріткіш – ацетонитрил;  $m_{\text{кат.}} = 0,03\text{г}; C_{\text{ЦГ}} = 2,7 \cdot 10^{-3}$  моль/л, температура 313К, Р – 1 атм)

Полимерлер	Циклогексан конверсиясы, %	Катализат құрамы (ГСХ), %		ОН/ОЛ қатынасы	$S_{\text{OH}} \cdot \%$
		Циклогексанон	Циклогексанол		
ПВПД	18,9	12,5	6,4	2:1	66,1
ПГМГ	27,1	19,0	8,1	2:1	70,1
ПЭГ	21,5	14,8	6,7	2:1	68,8
ПДМДААХ	22,6	15,2	7,4	2:1	67,2
Полимерсіз	10,1	6,3	3,8	2:1	62,4


2-кесте. Екінші әдіс бойынша даярланған  $10\% \text{CrCl}_3 + \text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6] \cdot \text{P}/\text{ZnO}$  (Р-полимер) катализаторларының циклогександы  $\text{H}_2\text{O}_2$ -мен тотықтырудагы каталитикалық белсенділігі (субстрат : тотықтырыш қатынасы = 1 : 3; еріткіш – ацетонитрил;  $m_{\text{кат.}} = 0,03\text{г}; C_{\text{ЦГ}} = 2,7 \cdot 10^{-3}$  моль/л, температура 313К, Р – 1 атм)

Полимерлер	Циклогексан конверсиясы, %	Катализат құрамы (ГСХ), %		ОН/ОЛ қатынасы	$S_{\text{OH}} \cdot \%$
		Циклогексанон	Циклогексанол		
ПВПД	44,8	35,3	9,5	3,7:1	78,8
ПГМГ	53,0	41,8	11,2	3,7:1	78,8
ПЭГ	47,4	37,6	9,8	3,8:1	79,3
ПДМДААХ	48,5	38,0	10,5	3,6:1	78,3
Полимерсіз	25,3	19,7	5,6	3,5:1	77,8

жоғарғы дәрежесі ПГМГ полимерімен модифицирленген катализаторда (27,1%) байкалды. Осы катализатор қатысында үрдістің циклогексанон бойынша талғампаздығы да жоғары (70,1%) болып келеді.


Екінші әдіс бойынша даярланған катализаторлар қатысында циклогександы сутек асқын тотығымен тотықтыру нәтижелері 2-кестеде берілген. Көріп отырғанымыздай бұнда да полимер табиға-

тына байланысты тәуелділік сол күйінде сакталады. Біракта 2-ші әдіс бойынша даярланған катализаторлардың белсенділігі жоғары болып келеді. Мысалы, ПГМГ-мен модифицирленген катализаторда циклогексанның конверсиясы 1-ші әдіске қарағанда 2 еседей жоғарылады (53,0%), ал кетонның спиртке қатынасы 3,7:1-ді қурайды. Бұның себебі екінші әдісте таңдалған жағ-



1- сурет.  $10\% \text{CrCl}_3 + \text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6] \cdot \text{P}/\text{ZnO}$  қатысында циклогексаның конверсияның температура өзгерісіне тәуелділігі (субстрат : тотықтырыш қатынасы = 1 : 3; еріткіш – ацетонитрил;  $m_{\text{кат.}} = 0,03\text{г}; C_{\text{ЦГ}} = 2,7 \cdot 10^{-3}$  моль/л):

1 – Поливинилпирролидон (ПВПД); 2 – Полигексаметиленганидин (ПГМГ); 3 – Полидиметилдиаллиламмоний хлорид (ПДМДААХ); 4 – Полиэтиленгликоль (ПЭГ); 5 – Полимерсіз



2- сурет.  $10\% \text{CrCl}_3 + \text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6] \cdot \text{P}/\text{ZnO}$  қатысында циклогексанонның шығымына температура әсері (субстрат : тотықтырыш қатынасы = 1 : 3; еріткіш – ацетонитрил;  $m_{\text{кат.}} = 0,03\text{г}; C_{\text{ЦГ}} = 2,7 \cdot 10^{-3}$  моль/л):

1 – Поливинилпирролидон (ПВПД); 2 – Полигексаметиленганидин (ПГМГ); 3 – Полидиметилдиаллиламмоний хлорид (ПДМДААХ); 4 – Полиэтиленгликоль (ПЭГ); 5 – Полимерсіз

дайда яғни жоғары температурада полимер тасымалдағыш бетінен ете қолайлыш конформацияда орналасып, берік бекітілуімен байланысты деп болжаяуға болады.

Сонымен, катализаторларды даярлаудың тиімді жолы тасымалдағыш пен полимердің сулы сусpenзиясын 373К температурада өндеп, кептіруді қажет етеді. Соның ішінде құрамында азотты функциональдық тобы бар полимермен (ПГМГ) модифицирленген тасымалдағышқа отырғызылған жүйе циклогександы тотықтыру үрдісінде жоғары каталитикалық белсенділік көрсетеді.

Одан ары екінші әдіспен даярланған катализаторлардың каталитикалық қасиеттеріне температура (303-323К) әсері зерттелді (1,2-суреттер). Полимерлер табигатына байланыссыз барлық жағдайда да циклогексан конверсиясының максимумы 313К-ге сәйкес келеді. Одан ері температураны 323К-ге дейін жоғарылатқанда циклогексан конверсиясы өзгеріссіз қалады. Мұның себебі температура жоғарылаған сайын қосарлана жүретін сутектің асқын тотығының су мен молекулалық оттекке ыдырау реакциясының да жылдамдығы үдейді, нәтижесінде бөлінген атомарлық оттегі тезірек молекулалық құйге айналып отырады. Ал енді циклогексанон шығымына карасақ, ол температура өзгерісіне байланыссыз, полимер табигатына тәуелді қүйде қалады (2-сурет).

Зерттеу нәтижелерінде циклогександы сутек асқын тотығымен тотықтыруды катализдеуге қабылетті, талғампаздығы жоғары полимер-ферроцианидті катализаторлар дайындаудың тиімді әдісі табылды. Катализаторлар дайындау барысында тасымалдағышты полимермен модифицирлеуде температураның маңызды рөл атқаратыны аныкталды. Дайындалған жүйелер ішінде азотты функциональдық тобы бар полимермен өндөлген катализатор белсенділігі жоғары екені көрсетілді. Ал

салыстыру үшін полимерсіз дайындалған катализаторлар белсенділігі айтартылған тәмен болды.

### ӘДЕБИЕТ

1. Адельсон С.В., Вишнякова Т.П., Паушкин Я.М. Технология нефтехимического синтеза. М.: Химия, 1985. С.608.
2. Ситтиг М. Процессы окисления углеводородного сырья / Пер.с англ. / Под ред. Гудкова С.Г. М.: Химия, 1970. С.300.
3. Березин И.В., Денисов Е.Т., Эмануэль Н.М. Окисление циклогексана. М.: Изд-во МГУ, 1962. 302 с.
4. Селенова Б.С., Тұмабаев Н.Ж., Молдабеков А.К., Токтабаева Ф.М., Картононжкина О.И., Жармагамбетова А.К. Модифицированные полимером ферроцианидные катализаторы окисления циклогексана // Изв. НАН РК. Сер. хим. 2003. №3. С.72-78.

### Резюме

Исследованы каталитические свойства модифицированных полимерами (ПВПД, ПГМГ, ПДМДААХ и ПЭГ) и нанесенных на оксид цинка ферроцианидных комплексов хрома (III), приготовленных различными способами. Определены оптимальные условия приготовления данных катализаторов. Показано, что максимальная конверсия циклогексана при его окислении пероксидом водорода в присутствии данных катализаторов достигается при температуре 313 К и составляет 53,0%. Преимущественным продуктом реакции является циклогексанон с селективностью 78,8%. Показано, что избирательность и выходы продуктов в значительной степени зависят от природы полимера-модификатора.

Институт органического катализа  
и электрохимии им. Д.В. Сокольского МОН РК,  
г. Алматы

Поступила 01.03.2006 г.